

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ИСМАҒАМБЕТОВА ЗУХРА  
МҰХАНБЕТ ӘСЕМ**

**МӘДЕНИЕТТІҢ ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ  
КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ**

**Оқу құралы**

**АЛМАТЫ, 2013**

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ИСМАҒАМБЕТОВА ЗУХРА,  
МҰХАНБЕТ ӘСЕМ**

**МӘДЕНИЕТТІҢ ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ  
КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ**

***ОҚУ ҚҰРАЛЫ***

**АЛМАТЫ, 2013**

**ББК**  
**И**

*Баспаға жіберуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

философия ғылымдарының докторы, профессор Ғ. Кұрманғалиева  
философия ғылымдарының докторы, профессор Д.С. Раев,  
философия ғылымдарының докторы, профессор А.Г. Карабаева

Исмағамбетова З.Н., Мұханбет Ә.А.

Мәдениеттің психоаналитикалық концепциялары: оқу құралы. – Алматы,  
2013 – 81 б.

**ISBN**

Оқу құралында З.Фрейдтің, А.Адлердің, К. Юнгтің, В. Райхтың, Э.Фроммның, Г. Маркузенің, К. Хорнидің психоанализ бойынша негізгі концепциялары мен мәдениетті зерттеу әдіснамасы қарастырылады. Мәдениетті мәдени-философиялық зерттеудің әдіснамалық қағидаттары мен түсініктерінің мәнісі А.Адлер, К. Юнг, В. Райх, Э.Фромм, Г. Маркузе, К. Хорнидің классикалық психоанализі және неопсихоанализі тұрғысынан қарастырылған.

Оқу құралы мәдениеттану, философия және дінтану мамандықтарының бакалавриат студенттеріне арналған. Оқу құралы магистранттарға, сонымен қатар, мәдениет философиясы, XX ғасыр философиясы, мәдениеттану, мәдени антропология мәселесімен айналысатындарға да пайдалы.

**ББК**

**ISBN**

©Исмағамбетова З.Н., 2013  
Мұханбет Ә.А. , 2013

## АЛҒЫ СӨЗ

---

### КУРСТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«Мәдениеттің психоаналитикалық концепциясы» оқу құралы мәдениеттану саласындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау, олардың құзыреттілігін көтеру шеңберіндегі дәрістер курсына негізделеді.

Аталған оқу пәні адамның мәдениетпен қақтығысы мәселесін, мәдениеттің адамның мәдени әлеуметтенуіне тигізетін әсерін, адамның ішкі қақтығысы мәселесін зерттейді.

«Мәдениеттің психоаналитикалық тұжырымдамасы» адамның қоғамдағы әлеуметтенуіне мәдениеттің тигізетін әсерін зерттеу барысындағы жаңа әрі келешегі бар ғылыми бағыттың бірі болып табылады. Бакалавриат студенті аталған пәнді оқу барысында психоаналитикалық зерттеулердің әдіснамасының алдағы бағыттары мен қазіргі жағдайы туралы білім алады.

Осы пәнді оқу барысында студент мәдениеттің психоаналитикалық талдауының түсінігі мен зерттеуі барысындағы классикалық емес бағыттардың қалыптасуы туралы ақпаратқа ие бола алады. Пәнді оқыту барысындағы басты мақсат мәдениеттану саласындағы болашақ маманның құзыреттілігін кеңейту, оның кәсіби сапасы мен кәсіби мәдениетінің деңгейін арттыра отырып, ойлау қабілетін кеңейтуді дамыту.

**Мақсаты:** бакалавриат студенттеріне психоанализ аясындағы және бакалаврдың сыни шығармашылық санасының қалыптасуы барысындағы мәдениеттің мәдени-философиялық аспектіні зерттеу бойынша ғылыми концепциялардың жиынтығы туралы мәлімет беру.

Мәдениеттің психоаналитикалық зерттеулері мәселелесін қарастыра әрі игере отырып, бакалавр адамның психикалық өміріндегі мәдениеттің рөлі туралы мәселелерді шешудегі, мәдениет пен адам арасындағы шиеленістерді анықтаудағы, қоғам мен мәдениеттегі адамның ішкі өмірінің аса күрделі тұстары төңірегіндегі қалыптасқан көзқарастардан арылуы тиіс. Бакалавр адам мен мәдениет арасындағы шиеленістердің негізгі психоаналитикалық концепцияларымен танысады. Бакалавр осы курсты оқу барысында адамның әлеуметтік және биологиялық рөлдерінің қызметі туралы қалыптасқан пікірлерді ой елегінен өткізеді. Осы пәнді оқыту төмендегілерге септігін тигізеді: мәдениеттің психоаналитикалық зерттеуін бағалаудағы стереотиптерден арылуы; мәдениет психоанализін зерттеудегі жаңа тәсілдерді, мәдениеттің психоаналитикалық философиясының принциптерін меңгеруге.

#### **Курстың міндеттері:**

- психоанализ аясындағы мәдениеттің қалыптасу генезисін зерттеу;
- мәдениетті психоаналитикалық зерттеудегі негізгі формаларды, бағыттарды, тәсілдерді зерттеу;

- мәдениет туралы пікірлердің өзгеруіне, адамның мінез-құлқына, мәдениеттегі шиеленістерді түсінуге психонализдің әсерін қарастыру;
- социумдағы адамның мінез-құлқындағы бейсаналықтың рөлін түсінудің және оның адам өміріне, адам болмысының экзистенциалды аспектісіне әсерінің ерекшеліктерін анықтау;

**«Мәдениеттің психоналитикалық концепциясының»** пәндік саласын зерттеу барысында, бакалавр мәдениет генезисімен динамикасын психоналитикалық концептуалды зерттеу туралы, адамның өмірі мен мінез-құлқындағы бейсаналықтың рөлі және оның адамның мәдени және әлеуметтік өміріндегі шиеленістерге тигізетін әсері туралы білімдерін тереңдетулері және кеңейтулері керек.

**Бакалаврдың оқу барысындағы негізгі құзыреттілігі:**

**а) бакалавр білуі тиіс:**

- психонализ аспектісіндегі мәдениет феноменінің генезисін және оның заманауи мәдениетті зерттеудегі жаңа концептуалды тәсілдердің қалыптасуына тигізетін әсерін;
- психонализдің мәдениетті зерттеудегі негізгі теориялық тәсілдері;
- социум мен мәдениеттегі шиеленістердің түрлері мен типтерін психонализдік тұрғыдан зерттеудегі негізгі әдіснамалық тәсілдер;

**б) бакалавр жасай алуы тиіс:**

- мәдениетті зерттеудегі психонализдің негізгі теориялық концепцияларын ажырата алуы;
- мәдениетті зерттеудегі психоналитикалық тәсілдердің негізгі айырмашылықтарын анықтау;
- мәдениетті зерттеу мен адамның аккумуляциясының негізгі кезеңдерін зерттеуде психонализдің әдіснамалық тәсілдерін пайдалануды;

**в) бакалавр төмендегі дағдыларды игеруі тиіс:**

- психонализ контекстіндегі адам өмірін талдаудағы білімін қолдана алуы;
- адамның жанжал мінез-құлқын зерттеу барысында білімін пайдалануды және оны пәндік парадигма шеңберінде талдай білуді;
- мәдениетті зерттеу барысында алған білімі мен негізгі ережелерді, психонализді зерттеу бағдарламасының әдіснамалық принципін пайдалануды.

## КІРІСПЕ

---

Мәдениеттанудың ғылым ретінде қалыптасуы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында түрлі идеялардың әсерінен туындады. Дәл осы кезеңде түрлі әдістемелік парадигмалар немесе мәдениетті зерттеу әдістері қалыптаса бастады. Олардың қатарына адаптациялық және идеационистік тұжырымдамаларды жатқызуға болады. Яғни, адаптационистік тәсіл мәдениетті адамның қоршаған ортамен ерекше формадағы қатынасы ретінде қарастырады, ал идеационистік мәдениетті адамның рухани шығармашылығының бір жиынтығы ретінде, білім, сана, құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастырады.

Адаптационистік тәсілге материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға және адамның мәдени субъект ретінде қалыптасуына бағытталған, материалды жағдайдың басымдылығын мойындайтын мәдениеттің марксистік концепциясы кіреді

Марксистік тұжырымдамада қоғамдық бастамаға басымдылық береді, ал экономикалық детерминация қоғам өмірін анықтаушы болып табылады, дегенмен мәдени-рухани артефакторлардың дербес екені теріске шығарылмайды.

ХХ ғасырдың басында адамзат алдында жаңа мүмкіндіктер ашылды, мәдениет әлемі әртүрлі, әмбебап болды, ал өршіп келе жатқан әлеуметтік-саяси шиеленістер адам алдына жалпы әлемдік әлеуметтік тұрақсыздықты, адамзат қауымдастығының шексіздігін әкелді. Адам өмірі нәзік, сонымен бірге көп өлшемді болып келеді. Мәдениет өмірдің барлық саласында көрініс тапқанымен, өмірдің өзі мәдениет болып табылмайды. Мәдениеттанулық өлшем арқылы адамның өмірлік белсенділігін түсіну, жаңа мәдени жүйелерді зерделеу, мәдениет аспектісіндегі жаңа өмір сценарийлерін зерделеуді түсіну қажеттіліктері туындады. Мәдениетті зерттеудегі адаптациялық тәсілдер шектеулі болғандықтан, сәйкесінше жаңа әдіснамалық принциптерді игеру қажеттілігі туындады.

Психологиялық аспектілер тұрғысынан мәдениеттің марксистік тұжырымдамасын толықтыру әрекетін, мәдени феномендерге мағына беретін, адамдардың мінез-құлқы мен коммуникациясына психологиялық факторлардың әсері, субъективті-эмоционалды сипатты толықтыратын психоаналитикалық концепция болып табылады.

ХХ ғасырдың басында психологиялық ғылым белсенді дами түсіп, мәдени антропологияда психологиялық бағыт белсенді қалыптаса бастайды. ХХІ ғасырдың басында пәнаралық сала – психологиялық антропология қалыптасады. Мәдениеттанушылар және психолог ғалымдар мәдениетті зерттеуде психологиялық әдістерді белсенді пайдалана бастайды. Мұндай зерттеулердің негізгі мақсаты тұлға арқылы мәдениет ерекшелігін зерттеу болды.

ХХ ғасырдың басында мәдениетті психологиялық зерттеулер барысында психоанализ маңызды орынға шыға бастады.

*Психоанализ* – бағытын шығу тегі австриялық мәдениеттанушы, психолог және дәрігер-психиатор З. Фрейд (1856 – 1939) қалыптастырған болатын. Бағыттың негізінде адам өміріндегі бейсаналықтың рөлі туралы негізгі тұжырымдар жатыр, бұл бағытты психоаналитиктер қуатты бастама ретінде қарастырады.

Психоаналитикалық зерттеулерге дейін мәдениет артефактылар, адамнан тыс мәдени институттар, қалыптастырушылардан тыс мәдени феномендер арқылы қарастырылған.

Психоанализде адам өміріндегі, адам мен мәдениет, қоғам арасындағы шиеленістің қалыптасуы барысындағы бейсаналықтың рөлін анықтау маңызды. Бұл салада адамның бойында психикалық ауытқу мен невроздарды туындататын, мәдениет тиым салған әуестікте мен қорқыныштар жасырылған. Психоанализдің негізін қалаушы З. Фрейдтің көзқарасы бойынша, бейсаналық ғылыми танымның пәні бола алады және болуы тиіс, яғни әрбір бейсаналықтың өзіндік мағынасы бар. Сондықтан, мәдениеттің психоаналитикалық концепциясы адам мен қоғам арасындағы шиеленістің терең себептерін, адамзат табиғатындағы шиеленістің пайда болу себептерін анықтауға бағытталған.

Философия ғылымына қарағанда **психоанализ мектебі** адамды философиялық тұрғыдан талдауға аса мән береді. Психоанализ мәдениетінің философиясы адамның күнделікті өміріндегі нақты фактілерді, оның өмірлік бағытын бақылауды, адамзаттың өміріндегі шиеленістер мен қайғылы жайттар барысында философиялық рефлексияны жүзеге асыруға талпынады. З. Фрейдтің психоанализі бір жағынан, адамның агрессивті және жанжал табиғатын ашуға бағытталған болса, екінші жағынан, оның бақыт табуға деген ынтасына бағытталған. Әр адам тумысынан бақытты болуға лайықты, алайда қоғамдағы өмір, мәдениеттің әсері адамның өмір сүру жағдайын өзгертеді, қоғамдағы алға қойылған мақсатының құрбаны етіп, жағдайдың құлына айналдырады.

З. Фрейдтің және оның шәкірттерінің мәдени психоаналитикалық концепциясы беделді мәдени-философиялық мектептердің бірі. Психоанализдің мәдениет философиясының астарында индивидтердің жеке өміріндегі жағдайларды талдау мен адам трагедиясының жасырын философиялық рефлексиясы жатыр. Адамның барлық өмірі адамның бақытқа деген ұмтылысы мен басқалардың бақыты үшін өзін құрбан ету, ішкі күйзелістермен өтеді.

Психоанализ батыс еуропалық беделді мектептердің бірі болып табылады. Көптеген зияткерлер бұл мектепті Дарвин, Маркс, Эйнштейн аттарымен теңестіреді, өйткені олар адам мәнісін түсінуге өз үлестерін қосты.

## Қорытынды

Бірқатар атақты және беделді ғалымдармен философтар, оның ішінде Зигмунд Фрейд, Карл-Густав Юнг, Альфред Адлер, Вильгельм Райх, Карен Хорни, Эрих Фромм және Герберт Маркузе мәдениет және психиканың байланысу концепциясының динамикасын жасады. Мәдениеттің психоаналитикалық концепциясын философиялық антропология мәселелері, мәдениет философиясы, өмір философиясына байланысты барлық батыс мәдениетімен қоғамында дәрігерлік қызметтің аясынан шығатын болжамдар жасалынды.

Барлық Еуропа мәдениеті Фрейдтің ойынша тыйым салынған мәдениеттер, яғни да барлық табулар адамның санасыз импульсіне байланысты болады дейді. Сондықтан мәдениеттің дамуы неврозға және адамдардың бақытсыздығына, барлық күнә сезімдерінің дамуына әкеліп соғады. XIX ғ. аяғымен XX ғ. басындағы еуропа мәдениетінде қалыптасқан үрдіс рационалдылық, тәжірибелілік, тұрмыстың барлық сферасындағы ғылымилықпен сипатталады, үстемдік еткен протестантық мораль индивидуалдылыққа және субъектіні жоғарылатуға негізделген, ол мәдениеттің ұжымдық бейсаналық негіз болып табылады. Еуропа мәдениеті жетістіктеріне, тұлғаның жетістіктері адамның психикасының зардап шегуіне әкеліп соғады.

XIX-XX ғ. басқа философтармен бірге Г.Юнгте еуропа мәдениетін ауру деп санап соны емдеу керек деп ойлайды. Ол оны шешудің жолдарын көрсетеді.

- Ғылыми негізде адам психикасына саналы және бейсаналы интеграция қажет дейді
- Игілікті негіз құрастыру, жағымды жағдай орнату.
- Жалпы білімнің гуманитарлық және мәдениеттанулық компоненттерін кеңейту

Кез-келген өркениетке байланысты мәдениеттегі Юнг концепциясының негізгі ерекшелігі қатаң ғылыми мен еркін ассоциациялық тәсілдің үйлесуі. Осы тәсілге байланысты адам өмірінің рухани сферасында синхрондылық орын алады, бірақ олар бір-бірімен байланысады.

Өзінің әріптестерінен ерекше Э.Фромм және К. Хорни адамның қалыптасу жағдайларына әлеуметтік факторлардың әсерін байқады. Ол адамды коммуникациялық жағынан бір жүйеге әкеледі деді. Э.Фроммның ойынша капиталистік қатынастар әлеуметтік топта жинақталушы, эксплуататорлы, рецептивті және нарықтық түрлерге байланысты.

Г.Маркузе индивидке индикаторлы қоғам әсер етеді дейді. Өмірлік деңгейдің жоғарылауына байланысты индивидке индивидуалды қоғам әсерін тигізеді, ол техникалық-технологиялық, рухани болуы мүмкін. Нәтижесінде жаңа әлеуметтік реалдылық- тұтынушы қоғам пайда болады, ол қоғамда ондай деңгей стандартталған, унифицирленген, бірөлшемді болады. Замануи индустриалды қоғам адамды индивидке үстемдік етеді, сондықтан олар бір жағынан ұқсас болып келеді.



Мәдениеттің психоаналитикалық концепциясы адам мен мәдениет, қоғам мен индивид арасындағы терең жанжалдар қазіргі заманғы қоғам мен мәдениетте адамзаттың өмір сүруінің драматизмін көрсетеді.

**Әдебиет:**

1. Психоанализ и культура. М., 1995.
2. Фрейд З. Избранное. М., 1991.
3. Юнг К.-Г. Коллективное бессознательное. М., 1995.
4. Фромм Э. Бегство от свободы. М., 1990.
5. Маркузе Г. Одномерный человек. М., 1994.

## Мазмұны

Алғысөз.....	4
Курстың концепциясы: курстың мақсаты мен міндеттері.....	4
Кіріспе.....	6
<b>1 Бөлім. Мәдениетті зерттеудегі психоаналитикалық әдіс.....</b>	<b>8</b>
1.1 З. Фрейдтің көзқарастар эволюциясы .....	8
1.2 Классикалық психоанализ және мәдениет.....	10
1.3 Мәдениеттің пайда болу концепциясы .....	12
1.4 Адам психикасының топографиялық моделі.....	21
1.5 Қақтығыстардың табиғаты туралы немесе сублимация ілімі.....	23
1.6 Психикоаналитикалық әдістің құрылымы.....	25
1.7 Мәдени құбылыстарды зерттеудегі психоаналитикалық бағыттың мәні.....	26
<b>2 Бөлім. Классикалық психоанализ эволюциясы .....</b>	<b>29</b>
<b>3 Бөлім Әлеуметтік психоанализ.....</b>	<b>31</b>
А. Адлердің индивидуалдық психоанализі.....	31
<b>4 Бөлім. Символикалық психоанализ.....</b>	<b>35</b>
4.1 К. Юнгтің символикалық психоанализі.....	35
4.2 К.Юнг концепциясындағы мәдени әлеуметтену мәселелері.....	38
4.3 К.Юнг бойынша мәдениетінің аналитикалық концепциясы.....	40
<b>5 Бөлім. Әлеуметтендірілген психоанализ.....</b>	<b>44</b>
5.1 В. Райхтың мінез-құлық талдауы.....	44
5.2 Тұлға концепциясы және «сексуалдық революция».....	45
<b>6 Бөлім Гуманистік психоанализ .....</b>	<b>47</b>
6.1 Э. Фроммның шығармашылық жолы.....	47
6.2 Жатсыну заманауи мәдениеттің белгісі ретінде .....	49
6.3 Діннің мәдениеттегі орны мен рөлі .....	54
6.4 Эрих Фроммның махаббат философиясы.....	57
<b>7 Бөлім Мәдени-философиялық психопатология.....</b>	<b>60</b>
7.1 К. Хорни және фрейдизмнің сыны .....	60
7.2 Адам табиғатының қарама-қайшылықтық мәселесі. ....	62
<b>8 Бөлім Психоанализ және Франкфурт мектебі.....</b>	<b>68</b>
8.1 Франкуфурт мектебінің қалыптасу тарихы.....	68
8.2 «Бірөлшемді адам» концепциясы.....	71
8.3 Маркузенің концепциясындағы Эрос феномені.....	74
Қорытынды .....	79

